

## МЕМЛЕКЕТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ НЕГІЗДЕРІ

**Отесинов Бекарыс**

E-mail: [bekarysotesinov@gmail.com](mailto:bekarysotesinov@gmail.com)

Л. Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті  
заң факультетінің 2 - курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – М. Б. Муратханова

Мемлекетке қарсы жасалатын қылмыстардың пайда болу негізіне екі құбылыс себеп болуы мүмкін. Біріншіден бұл жалпы қоғамдық көзқарастардан пайда болған, барлығына ортақ себеп, яғни қоғамдық санаға негізделген. Екіншіден бұл жеке себеп, яғни ол әр түрлі болуы мүмкін оның ішінде жеке бастың пайдасы үшін не болмаса екінші бір мемлекеттің пайдасы үшін жасалатын отан алдындағы опасыздық немесе т.б

Мемлекетке қарсы жасалатын қылмыстар көп жылғы зерттеулердің нәтижесінде табиғатынан мынандай сипатқа ие екендігі анықталды:

1. Адамға сыртқы ақпараттық-идеологиялардың әсер етуі
2. Адамның өз өмір ағымындағы жағдайларға қанағаттанбауы
3. Тұтастай немесе жекелеген мәселелер бойынша үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспеуі
4. Басқада факторлар

Ақпараттық-идеологиялардың әсер етуінен. Бұл қылмыстың жасалуы кеңінен таралған болып есептеледі. Ақпараттық-идеологиялардың мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың жасалуы бойыншы басқа факторларға қарағанда 85% тиесілі. Яғни адамның сана сезіміне дұрыс емес ақпарат арқылы өзгеріс енгізіп, оның дүние танымын мемлекетке қарсы қою. Бұл дегеніміз қате пропаганда мемлекетке қарсы қолданылатын ең қауіпті қару екендігін көрсетеді. Оған дәлел келтірер болсақ, алыстан арбаланып керек емес, ол өз елімізде орын алған 2022 жылдың басындағы қаңтар оқиғасы. Сол кезде өздерін оппозиция өкілдеріміз деп есептейтін азаматтар ғаламтордың барлық күшін пайдаланып, халықтың сана сезімін улап, оларды алаңға шығуға үгіттеді және де үгіттеудің мақсаты елдің қамы емес, өздерінің жеке мүдделері болды. Ал ол мүдденің түпкілікті мақсаты мемлекеттік билікті құлату болды, яғни мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы тікелей қылмыс жасалды дегенді білдіреді. Сондықтан ақпараттық-идеологиялық әсер ету мемлекетке қарсы жасалатын қылмыстардың пайда болуындағы дінгек болып есептеледі.

Адамның өз өмір ағымындағы жағдайларға қанағаттанбауы. Бұл фактор мемлекетке қарсы қылмыстардың пайда болуының 27% құрайды. Оның ішіне экономикалық өмір салтының күрт төмендеуі, конституциялық талаптардың билік тарапынан дұрыс орындалмауы, әлуметтік жүйе мен саяси институттардың әлсіз болуы. Осының барлығы тұлғаны мемлекетке қарсы қылмысқа итермелейді. Бірінші экономикалық өмір салтына тоқталатын болсақ, қайтадан Қаңтар оқиғасына көз жүгіртейік – қарақшыларды айтпағанда Қазақстанның көп өңірлерінде азаматтардың шеруге шығуының себебі, ол соңғы жылдары қарапайым халықтық экономикалық жағдайының күрт төмендеуі. Статистика бойынша жалпы ішкі өнім 2012 жылы 8% көрсетсе 2022 жылы 4.6% көрсеткен, бұл дегеніміз халықтың материалдық жағдайының төмендегенін көрсетеді. Екіншіден конституциялық талаптардың дұрыс орындалмауы. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының 1-тармағында ҚР өзін демократиялық мемлекет ретінде есептейді деп көрсетілген, бәріміз білетіндей демократия азаматқа белгілі бір құқыққа негізделген бостандық береді. Оның ішіне сөз бостандығы, ақпарат алу бостандығы, кәсіп бостандығы

кіреді, бірақ өкінішке орай біздің мемлекетімізде бұл бостандықтар толығымен жоқ сондықтан бұл конституциялық талаптардың орындалмағанын көрсетеді.

Тұтастай немесе жекелеген мәселелер бойынша үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспеуі.

Бұл фактордың үлесіне 19% келеді. Мазмұны мен өмір сүру салаларында әр түрлі болуы мүмкін: экономикалық саясат саласында, кейбір мемлекеттерге қатысты саяси бағытта, ұлттық қатынастар саласында, бостандық, демократия, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың ұлттық мәселелерді шешудегі орны мен рөлі туралы ережелерді түсіндіруде және т. б.

Адамның бір нәрсемен келіспеуі тек мемлекетті ғана емес, сонымен бірге кез-келген басқа қылмысты да құрайды. Біздің жағдайда, келіспеушіліктің өзі басқа келіспеушіліктердің тізбегі айналатын себеп-салдарлық тізбектің интеграциялық буыны болып табылады.

Ендігі кезекте мемлекетке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардан тарихи аспектілері:

"30-50-ші жылдары (1953 жылға дейін) саяси қылмыс жасады деген айыппен 3 778 234 адам қуғын-сүргінге ұшырағаны анықталды. Оның ішінде ең жоғары жазалау шарасы - ату жазасына 786 098 адам тартылды. Крючков В. Жеке мәселе. С. 1. М., 1996. 399 Б. . Жаппай қуғын-сүргіннің әлеуметтік себептері ашылды, оларға қағидатты мемлекеттік және қоғамдық баға берілді. Қуғын - сүргінге сол кезде ЧК - ГПУ - ОГПУ-ИМ органдарында жұмыс істегендер де көп болды. Тек 1934-1939 жылдары "контрреволюциялық қылмыстар" үшін сол жерде мемлекеттік қауіпсіздік органдарының 21 880 қызметкері атылды. Б.402..

Мемлекетке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтардың пайда болу негіздерінің басқа да факторларына қарайтын болсақ:

Мемлекеттік қылмыстың генезисінде басқару саласындағы кемшіліктердің әсері ерекше. Тәжірибе олардың ең үлкен саяси дыбысқа ие екендігін көрсетеді, өйткені қате (және қоғамдық және топтық санада олар көбінесе қасақана дұрыс емес деп қабылданады) басқарушылық шешімдер және жауапты шенеуніктердің теріс мінез-құлқы көбінесе саяси жүйенің және тұтастай алғанда әлеуметтік жүйенің кемшіліктері ретінде қабылданады. Бұл себеп факторының көбеюіне билік органдарында орын алған паракорлық, сыбайлас жемқорлық, азаматтарды алдау, заңдылықты өрескел бұзу, адамдармен қарым-қатынаста дөрекілік пен бассыздық, іске қатысты формализм, жағымсыздық және т. б. фактілер әсер етеді.

ҚР қылмыстық кодексінде мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстық құқықбұзушылыққа байланысты тараудың басын 175-бап бастап тұр: Мемлекетке опасыздық жасау мемлекетке жасалатын қылмыстардың ең ауыры.

Мемлекетке опасыздық-бұл монархтың немесе мемлекеттің, оның субъектісі немесе азаматы болып табылатын немесе қандай да бір жолмен қылмыскер қызмет ететін мүдделеріне әдейі қарсы бағытталған әрекеттен тұратын қылмыс.

Атап айтқанда, мемлекетке опасыздық: соғыс кезінде жаудың жағына өту; мемлекеттік құпияны беру және тыңшылық; қарсыласпен Үкіметтің еркіне қарсы жеке келіссөздер және басқалар.

КСРО-да опасыздық алдымен "жұмысшы-шаруа революциясының ісіне опасыздық", содан кейін патриоттық тұрғыдан 1934 жылдан бастап "Отанға опасыздық" деп түсіндірілді; "Отанға опасыздық" тұжырымдамасы КСРО ыдырағанға дейін одақтас республикалардың Қылмыстық кодексінде сақталды. Сатқындықтың кеңейтілген тұжырымдамасы сталиндік қуғын-сүргін кезінде қолданылды. Бір қызығы, адамдарға өзгертілген "Отанды сатқын" синтагмасы (1930 жылдарға дейін кездеспеген)-құжаттарда, әдебиеттерде және ауызекі сөйлеуде жиі қолданылған.

1960 жылға дейін Отанға опасыздық 1934 жылы 8 маусымда КСРО Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен күшіне енген РСФСР Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің 58-1а баптарының мазмұнын құрады:

"Отанға опасыздық жасау, яғни КСР Одағы азаматтарының КСР Одағының әскери күшіне, оның мемлекеттік тәуелсіздігіне немесе оның аумағының қол сұғылмаушылығына нұқсан келтіріп жасаған іс — әрекеттері, тыңшылық, әскери немесе мемлекеттік құпияны беру, жау жағына өту іс-әрекеттері ең жоғары Қылмыстық жазамен-бүкіл мүлкін тәркілеп, атумен жазаланады, ал жеңілдететін мән- жайлар кезінде-барлық мүлкі тәркіленіп, 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

Мұндағы Отан ұғымы мемлекет үшін синоним болып табылады, өйткені Ресей империясынан немесе КСРО-дан тыс жерде сол кездегі шекараларда туылған көптеген адамдар Отанға опасыздық жасағаны үшін сотталды (атап айтқанда, Сталиннің тұсында).

РСФСР-дің 1960 жылғы Қылмыстық кодексінде "Отанға опасыздық" жеке 64-бапқа бөлінген:

"Отанға опасыздық, яғни КСРО азаматы КСРО-ның егемендігіне, аумақтық тұтастығына немесе Мемлекеттік қауіпсіздігі мен қорғанысына зиян келтіру үшін қасақана жасаған әрекет: жаудың жағына өту, тыңшылық, шет мемлекетке мемлекеттік немесе әскери құпияны беру, шетелге ұшу немесе КСРО-ға шетелден оралудан бас тарту, шет мемлекетке дұшпандық жасауға көмек көрсету КСРО-ға қарсы іс-қимыл, сондай-ақ билікті басып алу үшін жасалған қастандық, — мүлкі тәркіленіп және екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге сілтеме жасала отырып немесе сілтеме жасалмай немесе мүлкі тәркіленіп өлім жазасына кесіле отырып, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

Мақаланы қорытындылай келе, менің ойымша мемлекетке қарсы жасалатын қылмыстық құқықбұзушылықтардың негізі тереңде жатыр. Мақалада айтылғандай саналы адам өзі өмір сүріп жатқан мемлекетіне қарсы қылмыс жасауы көп жағдайда мемлекеттегі саясаттың дұрыс болмауынан, биліктің өз функцияларын дұрыс атқармауынан орын алатынын көрсетеді. Яғни мақала басында бұл қылмыстың орын алуын екі деңгейге бөлген болсақ, сол екі бөліністің қоғамдық санаға негізделген деңгейі дұрыс екеніне көз жеткіземіз. Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін мемлекеттің ішкі және де сыртқы қауіпсіздігі берік болуы қажет деп ойлаймын. Қорыта келе, мемлекеттік опасыздықтың республикамыздың егемендігімен сыртқы қауіпсіздігіне келтіретін зиянының нақты қауіптілігін және осы қылмыс түрімен күресудің басты негіздері ашылып көрсетілді.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Криминология. Учебник для вузов. / Заң ғылымдарының докторы, профессор А.и.
2. Долгованың жалпы редакциясымен. - М.: НОРМА баспасы (НОРМА-ИНФРА \* М баспа тобы), 2001.
3. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы. КОКП тезистері. М., 1968.
4. Бородин с. в. мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар / / Ресейдің Қылмыстық құқығы. Учебник для вузов. 2 томдық. Т. 2. Ерекше бөлігі. М., 1998. 608-609 Б.
5. Желов Н.И. қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: университеттерге арналған оқулық. М., 2000.
6. Галиакбаров Р. Р. мемлекеттің конституциялық құрылысы мен қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар ұғымы мен түрлері // қылмыстық құқық. Ерекше бөлім: оқулық. М.,